

№ 6 Хромтау гимназиясы психологиялық қызметтің жылдық жұмыс жоспарына сәйкес білім алушыларды кәсіби бағдарлануын психологиялық сүйемелдеу мақсатында жүргізілген танымдық сағаты туралы анықтама

2021- 2022 оқу жылы қараша айында білім алушылардың кәсіби бейімділігін психологиялық сүйемелдеу, қолдау және кәсіптік бағдарлануын арттыру мақсатында жылдық жопарға сәйкес 9 сынып білім алушыларымен «Болашаққа бағдар» танымдық түзету дамыту сағаты өткізілді.

Түзету – дамыту сағатының мақсаты: : Білім алушылардың кәсіптік бағдарлану дағдылары мен қызығушылық ерекшеліктерін,біліктерін ескере отырып, дұрыс нақты таңдау жасауға ықпал ету. Заман талабына сай икемділікті дамыту - әлеуметтік ортадағы өзгерістерге тез бейімделуіне ықпал ету;мақсат қойып , оған ұмтылуға баулу, белсенділікті арттыру.

Сабақтың негізгі бөлімінде білім алушылардың кәсіптік бағдарлауын, бейімділігін бекіту мақсатында мамандық ұғымына тереңірек тоқталып өтілді. МАМАНДЫҚ – ОЛ... МАМАНДЫҚ – ОЛ... ЕҢБЕК ПЕН МАМАНДЫҚТЫҢ АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ.. бөлімдерінде тақырыпқа қатысты теориялық білім беріліп, түсіндірме ақпараттық жұмыстар айтылды.

МАМАНДЫҚ ДЕГЕН НЕ?
МАМАНДЫҚ - БЕЛГІЛІ БІР КӘСІПТІҢ ТҮРҚЫЗМЕТ. АДАМ ӨМІРІНДЕ МАМАНДЫҚ ЕРЕКШЕ РӨЛ АТҚАРАДЫ. ОЛ ОНЫҢ КӨНІЛ КҮЙІНЕ,ОТБАСЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫНА ӘСЕРІН ТИГІЗЕДІ.

Мамандық таңдаудың тиімді формуласы

Істегім келеді
Мен бұл кәсіптің шебері болып аламын ба? Менің өз таңдауымдағы мамандық лайықты ма?

Істей аламын
Мен бұл мамандық бойынша жұмыс істей аламын ба? Бұл үшін менің қабілетіммен денсаулығым және мүмкіндіктеріммен сәйкес келеді ме?

Істеу керек
Бұл мамандық қоғамда сұранысқа ие ме? Жұмысқа орналасу қиыншылық туғызбайды ма?

Мамандықтар әлемі

- Адам – Табиғат - Жануарлармен өсімдіктермен байланыста мамандықтар
- Адам – Техника Техникамен байланыста мамандықтар
- Адам – адам адамдармен қарым қатынаста болатын мамандықтар
- Адам – көркем бейне Өнермен байланыста мамандықтар
- Адам – белгілеу Жүйесі – белгі бойынша жұмыс жасайтын мамандықтар (ерні, нота, сәй т.б.)

Сабақтың практикалық бөлімінде білім алушылар берілген «мамандық таңдаудың формуласы» арқылы «жасағым келеді», «жасай аламын», «жасауым қажет» ұғымдары арқылы өз ойларымен бөлісіп, пікірлерін ортаға салды.



Сабақ барысында білім алушылардың кәсіби бағдарлануындағы машықтық әрекеттерін қалыптастыру мақсатында «Менің бала күнгі қалауым», «Мамандық еңбек әлемі» ойын жаттығулары жүргізіліп, кәсіптік бағдарлануда ескерілуі тиіс мүмкіндіктері, қабілет ерекшеліктері, қызығушылықтары туралы түсіндіріліп, ақпарат берілді.